

«FastTrack International» науқанынң ережелері

Анықтамалар мен олардың түсініктемесі

FastTrack – тұлғаға Әуежайда барлық шараларды аз уақытта және ұзақ кезекте тұрмай, барынша жайлы өтуге мүмкіндік беретін ерекше қызмет.

QR код – осы Ережелердің шарттарына сәйкес Чат-ботта Науқанғы Қатысушыларға Қызметті алатын арнайы графикалық код.

Әуежай - Стамбул (IST), Түркия, Ларнака әуежайы (LCA) Кипр Республикасы; Милан Мальпенса (MXP) мен Милан-Бергамо (BGY), Италия; Рим-Фьюмичино (FCO) және Рим-Чампино (CIA), Италия; Барселона, Испания (BCN); Гран-Канария (LPA), Пальма (PMI), Аликанте (ALC), Валенсия (VLC), Малага (AGP), Испания және басқа да әуежайлар, толық тізімі чат-ботта.

Науқан - «FastTrack International» промонауқаны.

Банк – тиісті банктік лицензия негізінде Украина, Грузия, Әзірбайжан Республикасы, Беларусь Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Армения Республикасы, Қазақстан немесе Молдава Республикаларының тиісті аумағында банктік қызметтерді көрсетуге айрықша құқығы бар заңды тұлға.

Тапсырыс беруші - «Виза Интернешнл Сервис Ассоциейшн», что находится по адресу: АҚШ, СА 94404 – 2775, Фостер-Сити қ., Метро Сентер бульвары, 900

Карталар – Науқан қатысушыларына Науқанға қатысуға құқық беретін Банк шығарған Visa Platinum, Visa Signature және Visa Infinite, Visa Platinum Business, Visa Signature Business төлем карталары.

Мессенджер – шұғыл хабарламалар мен видеоларды алмасуға арналған қосымша, атап айтқанда Viber, Telegram.

Ұйымдастырушы – «ИНФОКУС» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ ҚАУЫМДАСТЫҚ, заңды тұлғаның дербес коды: 36563986, тұратын жері: Украина, 01023, Киев қ., Спортивная алаңы, 1-үй. А.

Серіктес – «РЕНОВАЦИО» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ ҚАУЫМДАСТЫҚ, заңды тұлғаның дербес коды: 38876589, тұратын жері: Украина, Харьков қ., Енакиевская к-сі, 11-А.

Қызмет – Науқан қатысушыларына Әуежайда көрсетілетін Fast-track санатындағы (ұшып келу мен ұшып кетуге) қызмет. Бұл қызмет Науқан Қатысушысына сыйлық ретінде беріледі.

Ережелер – Науқанның осы ережелері.

Науқанның жарамдылық мерзімі – 2021 жылғы 09 шілде сағат 00:00:01-ден 2024 жылғы 30 қыркүйек сағат 23:59:59 дейін.

Науқанға қатысушылар – осы Ережелердің шарттарына сәйкес Науқанға қатысуға құқығы бар Карта иегерлері, жеке тұлғалар. Қызмет барлық қатысушылар үшін бірдей. Мұндай жағдайда айырмашылық тек Карта иегерлерінің қандай карта ұстайтындығына байланысты болады.

Чат-бот – Мессенджерлерде тұратын https://mssg.me/service_concierge немесе https://mssg.me/concierge__service сілтемелері бойынша тұратын “Visa Ukraine” мен “Visa Concierge” чат-боты.

1. Науқан қатысушыларының Науқанға қатысу тәртібі
 - 1.1. Науқанға қатысу үшін, Науқанға қатысқысы келетін және Науқан қатысушысы атанғысы келетін тұлға Науқан өтетін мерзімде мынадай әрекеттерді атқаруы керек:
 - 1.1.1. Карта иегері болуы керек;
 - 1.1.2. Чат-боттағы ішкі тіркелу механикаларына сәйкес Чат-ботқа тіркелуі керек немесе тіркелген болуы керек;
 - 1.1.3. Чат-боттың бас мәзіріндегі «FastTrack International»батырмасын басу керек;
 - 1.1.4. Чат-боттың бас мәзіріндегі «FastTrack International» батырмасын басқан кезде Науқан туралы деректермен және осы Ережелермен танысуы керек;
 - 1.1.5. Сервистің қолжетімділігін тексеріп, ел мен әуежайды таңдау керек;
 - 1.1.6. «ваучерді алу/get a voucher» батырмасын басу керек;
 - 1.1.7. Ұсынылған ұшу түрінің бірін таңдау керек: Domestic Departure, International Departure немесе International Arrival;
 - 1.1.8. Чат-ботта рейстің нөмірін, күнін, ұшатын уақытын, аты-жөнін (билетке сай), телефон нөмірі мен электронды пошта мекенжайын қалдыруы керек.
 - 1.2. Осы Ереженің 1.1.1. – 1.1.8. бөлімдерінде көрсетілген әрекеттерді сәтті орындаған жағдайда тұлға Науқан қатысушысы болады және Чат-боттан QR-коды бар файлды алады.
 - 1.3. Осы Ережелер Науқан қатысушысы мен Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші/Серіктестің арасындағы негізгі қарым-қатынастың басты құжаты болып табылады. Осы Ережелердің 1.1.1. – 1.1.8. бөлімдерінде көрсетілген әрекеттерді рет-ретімен орындауы Науқан қатысушысының осы Ережелермен келісетінін білдіреді.
 - 1.4. Науқан қатысушысы бұл әрекеттерді ерікті түрде орындайды және осы Ережелердің шарттарымен жазбаша келісімшартқа отырған болып саналады.
 - 1.5. Ережелердің шарттарымен ішінара келісуге болмайды.
 - 1.6. Авиабилеттің жарамдылық мерзімінде карта жарамды болуы керек.
2. QR-кодты қолдану ерекшеліктері
 - 2.1. Қызметке бір жыл ішінде кез келген күнге тапсырыс беруге болады. QR-код қызметке тапсырыс берген күні жарайды, бірақ Ереженің 1.1.7. мен 1.1.8. бөлімдерінде көрсетілген рейстерге қолданылады.
 - 2.2. QR-код Науқан қатысушысына төмендегідей шектеулерді ескеріп беріледі:
 - 2.2.1. Науқан барысында Visa Platinum, Visa Platinum Business түріндегі Карта иегерлері болып табылатын Науқан қатысушылары үшін 2 (екі) QR-кодтан артық берілмейді;
 - 2.2.2. Науқан барысында Visa Signature, Visa Signature Business түріндегі Карта иегерлері болып табылатын Науқан қатысушылары үшін 10 (он) QR-кодтан артық берілмейді;
 - 2.2.3. Науқан барысында Visa Infinite, Visa Infinite Business түріндегі Карта иегерлері болып табылатын Науқан қатысушылары үшін QR-кодтар Visa Infinite түріндегі Карта иегері болған Науқан қатысушысына қажетті мөлшерде беріледі.
 - 2.3. QR-кодты тек Науқан қатысушысыжеке мақсатта пайдалана алады және үшінші тұлғаға бере алады.
 - 2.4. Науқан барысында пайдаланылмаған QR-кодты басқа мерзімге ауыстыруға болмайды, олар жинақталмайды, қосылмайды, ақшалай болмаса басқа да баламасы берілмейді.

- 2.5. QR-кодпен қиындықтар туындаған жағдайда QR-коды бар файлда Серіктестің техникалық қолдауымен байланысатын «жылдам әрекет батырмасы» бар.
3. Тараптардың жауапкершіліктері
 - 3.1. Науқан қатысушысы ұсынған деректерінің анықтығы үшін және Картаны қолдану құқығы бойынша қолданыстағы заңнамада қарастырылған жауапкершілікті арқалайды.
 - 3.2. Салықтарды, алымдарды және міндетті төлемдерді төлеу қолданыстағы заңнаманың ережелерімен жүктелген тиісті тұлға жүзеге асырады.
 - 3.3. Тапсырыс беруші / Серіктес / Ұйымдастырушы өздеріне байланысты емес себептермен, атап айтқанда Верификациядан өткізетін құрылғының бұзылуына, күшін жоюына, ауыстырылуына немесе рейстің кешігуіне, Әуежай жұмысының өзгеруіне, Науқан қатысушысының қолданыстағы заңнама ережелерін бұзуы сияқты себептермен Қатысушының QR-кодты пайдалана алмауына жауапты емес.
4. Дербес деректерді өңдеу
 - 4.1. Науқан аясында осы Ереже шарттарымен жасалған келісімшартты орындау үшін жеке деректерін өңдеуге негіз болып табылатын ағылшын тілінде жазылған аты-жөні, телефон нөмірі мен электронды пошта мекенжайы сияқты дербес деректерін өңдеуге келісім береді. Бұл деректерді өңдеу ережелері Чат-ботта қамтылған деректерді өңдеу ережелерінің бір бөлігі болап табылады.
 - 4.2. 4.1. бөлімде көрсетілген дербес деректер Науқан барысында Науқан қатысушысына Науқанға қатысуға құқық беруді жүзеге асыру үшін өңделеді. Мұндай дербес деректер осы Ережелердің шарттарын орындау мақсатында жинақталып, өңделіп, жіберілетін (Ұйымдастырушы мен Серіктестің шетелдік серверлеріне) болады. Ұйымдастырушы осындай дербес деректердің иесі және басқарушысы болып табылады. Дербес деректермен жұмыс істейтін Серіктестің жеке саясаты бар, бірақ қандай жағдай болмасын мұндай деректер осы Ережеден тыс өңделмейді. Серіктестің дербес деректерді өңдеу саясатын Науқан қатысушысы мына веб-сілтеме арқылы көре алады: <https://highpass.aero/Home/PrivacyPolicy>
 - 4.3. Ереженің 1.1. бөлімінде көрсетілген әрекеттерді жасай отырып, Науқан қатысушысы дербес деректерін көрсетілген тәртіппен өңдеуге келісімін береді, сонымен қатар қолданыстағы заңнамамен берілген барлық құқықтармен таныс екенін растайды.
5. Басқа да шарттар
 - 5.1. Науқанның осы Ережесі аясында өз міндеттерін атқару үшін Ұйымдастырушы үшінші тұлғаны тартуға құқылы.
 - 5.2. Осы Ережелерді бірнеше мағынада түсіндіруге мүмкіндік беретін жағдай туындаса, Ережемен реттелмеген кез келген даулы сұрақтарды шешу құқығы Ұйымдастырушыда/Тапсырыс берушіде қалады.
 - 5.3. Науқанның өті мерзімі өзгеруі мүмкін немесе Науқан Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушының өзара келісімі бойынша мерзімінен бұрын аяқталуы ықтимал. Науқанның мерзімін өзгерту немесе оны мерзімінен бұрын тоқтатуға Чат-ботта хабарласа ғана мүмкін болады.
 - 5.4. Осы Ережелер мен ондағы өзгерістер Чат-ботта жарияланадв.
 - 5.5. Ұйымдастырушының Науқан барысында қолданыстағы Ережені өзгертуге құқығы бар.